

Астана қаласы әкімдігінің
«№ 2 өнер мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны



Тақырыбы: «САБАҚ ЖОСПАРЫН ҚҰРУДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ»

(ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ)

**«Музыка бөлімінің халық аспаптары сыныбы»: Домбыра
Педагог: Нахаева Ж.Б.**

Астана қаласы

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
I- бөлім Сабақ жоспарын құрудағы жүйелілік.....	6
1.1Сабақ жоспарын құрудағы негізгі мақсатыпен міндеттері.....	6
1.2 Сабақ түрлері мен типтерін домбыра сабағында пайдаланудың әдістері	8
II-бөлім. Практикалық жұмыс тәжірибесін сипаттау.....	11
2.1.Үлгі сабақтар.....	11
2.2 Мұғалімге қойылатын талап.....	24
Қорытынды.....	27
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	28

КІРІСПЕ

Домбыра қазақ халқының жан сезімі, жан серігі. Домбыра көшпелі елдің көне көз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі. Ол халықтың тарихи тағдырымен тамырлас. Қазақтың түбі терең тылсым тарихы, тұрмыс тіршілігі, ақжарқын көңілі, зіл басқан мұңы, буырқанған ашу-ызасы, қуанышы мен сүйініші, шалқар шабыты домбыра пернесінде орналасқан. Қазіргі кезде археологиялық олжалар домбырашылық дәстүрдің тамыры тым әріде жатқанын меңзейді. Бұған хорезмде жасалған археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған қос ішекті аспапта ойнап тұрған музыканттардың күйдірілген саздан жасалған бейнелері куә. Ғалымдар осыдан кемінде II мың жыл бұрынғы бұл бейнелердегі қос ішекті аспаптың қазақ домбырасымен ұқсастығын айта келіп, оның Қазақстан жеріндегі байырғы көшпелілер арасында ең көп тараған аспаптың бірі болғандығын дәлелдейді. Қазақ халқының көне аспабын үйренуге қазіргі таңда ата-аналар тарапынан сұраныс өте көп.

Домбыра үйрету әдістемесі, сұраныстың әр қилы болуына байланысты үш арнаға бөлінеді: 1. **Домбыраны сандық жүйеде үйрету.** Домбыра үйренемін деген ниеті бар жандарға тиімді тәсіл. Бұл әдіс тез үйренумен қатар, нота сауатын қажет етпейтін домбырашылар үшін ыңғайлы.

2. **Құйма-құлақ әдісі** - бұл дәстүрлі күй үйрету мектебі. Құйма-құлақ әдісі жалпы домбыра үйрету мектебінің өзегі. Бұл қасиет музыка маманының әрқайсысында болуы шарт, көбінесе табиғаттан беріледі. Құйма-құлақ әдісінің ғасырлық тарихы бар. Ол заманда да, қазіргі уақытта да күйге құмар болып өскен баланың, құлақпен қабылдаған, қолын ешкім қойып үйретпеген, үйрету әдісінің ең қиыны және ең тиімдісі. Бұл әдісті кез-келген үйренуші қабылдай алмайды.

3. **Кәсіби нота сауаты.** Домбырашы мамандығын қалаған әрбір азаматтың аспапты үйрену жолы. Кәсіби жүйе үшін нотамен үйрету қажет. Домбырашыны сауатты түрде дайындау.

Сонымен қатар балалар және әр жастағы ересектер үшін домбыраны тез үйренуі сабақтары ұйымдастырылған. Домбыра үйрену әдістемесі Абдулхамит Райымбергеновтың «Мұрагер» атты авторлық бағдарламасына негізделген. Жиырма жылдық тәжірибие негізінде кез келген баланы домбыра үйретуге болатындығын дәлелдейді. Домбыра қағыстарын көзбен көріп, құлақпен қағу сияқты домбыраны нотасыз үйрету әдістемесіне негізделген. Ал қазіргі таңда домбыра үйрету видео сабақтары ғаламторда көп таралған. Әрине бұл әуесқой домбырашылар үшін ыңғайлы әрі тиімді жолы.

Ал музыка және өнер мектептерінде сабақ беретін мұғалімдер үшін де, мейлі оқушы келешекте домбырашы болуды таңдасын, таңдамасын, кәсіби нота сауаты бойынша үйрету әдістемесі дұрыс деп ойлаймын және сол әдіс бойынша жұмыс жасаймын. Сандық жүйемен домбыраны музыка өнер мектебінде оқитын оқушыға үйрету дұрыс емес деп ойлаймын. Себебі: Оқушы жоғары сыныпта кездесетін күрделі формада жазылған шығармаларды қалай үйренеді. Сауатсыз дайындалған оқушыны не концертке, не байқауға шығара алмасам. Мұғалім өз еңбегінің жемісін көре алмаса. Онда қандай нәтиже болады. Ал құйма-құлақ әдісімен үйренуге кез келген оқушының қабілеті жете қоймас. Есту қабілеті табиғи дамыған оқушы ғана құйма құлақ әдісін меңгере алады. Ал бұл әдіс дәстүрлі күй үйрету мектебінің өзегі болып табылады.

«Домбыра» балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған үлгілік оқу бағдарламасы Ұлтарахова Г.Е. Құрұмбаева Г.Ж. 2013ж. Бағдарламасына сүйене отырып, оқушы қабілетіне сәйкестендіре жасалған сабақ жоспарымен жұмыс жасау.

Жұмыстың өзектілігі: Жас мамандардың сабақ жоспарын құруда жіберетін қателіктері сабақтың жүйелі жүргізілмеуіне әкеп соқтырады. Сол себепті өз тәжірибемдегі қолданып жүрген сабақ жоспарын құру үлгілерін ұсынамын.

Мақсаты: Сабақ жоспарын жүйелі түрде құру арқылы оқушыға сапалы білім беру.

Міндеттері:

Сабақ жоспарын құру жолдары арқылы сабақты жүйелі түрде өтуге үйрену;

Сабақ жоспары бойынша сабақ уақтысын тиімді, ұтымды пайдалануға машықтану;

Сабақ жоспары бойынша жұмыс жасауға дағдылану.

I- бөлім. Сабақ жоспарын құрудағы жүйелілік

1.1. Сабақты жоспарлау:

Музыка өнер мектептерінде сабаққа жоспарын мұғалімнің шығармашылықпен қарауына байланысты жоспарлайды. Жоспар оқушының күнделігіндегі тапсырмамен байланысты болуы тиіс. Мысалыға мен мынадай сабақ жоспарын құрамын.(кесте бойынша)

Сабақтың кезеңі	Уақыты	Сабақтың барысы
1.Ұйымдастыру кезеңі.Аспаптың құлақ күйін келтіру	2мин	Сәлемдесу. Оқушының көңіл күйіне мән беру
2.Оқушыларды сабаққа дайындау	3 мин	Оқушыларға сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсіндіру.
3. Сабақ барысы.	30 мин	
4. Сабақты қорытындылау	2 минут	Бүгінгі сабақ бойынша оқушылардың түсінігін сұрау,қорытындылау.
5.Үйге тапсырма беру.Бағалау.	3минут	Үйге тапсырма беру және бағалау.

1.Ұйымдастыру кезеңі: Оқушы сабаққа келгенде сабақты бастамас бұрын, сәлемдесуден басталады. Мұғалім оқушының ұстазы ғана емес, оның мектептегі анасы. Сондықтанда, баланың көңіл күйіне қарау керек.

2.Оқушыны сабаққа дайындау кезеңі: Сабақты ұйымдастыру сәті, аспаптың құлақ күйін келтіруден басталады. Сабаққа оқушы өз аспабын алып келгені жөн. Себебі: мұғалім аспапты көріп, қандай да бір кемшіліктері болса жөндеп, құлақ күйін келтіріп береді.

3.Сабақ барысы: Бірден оқушыдан үй тапсырмасын сұрамас бұрын оқушыға жаттығу ойнатып саусақтарын машықтандырып,қолды қыздырып алған жөн. Жаттығу ойнату тек қолды қыздыруға ғана емес,оқушының ырғақты сезіну қабілетіне жақсы көмектеседі. Мысалыға: 1сынып оқушысы бас бармақпен шертіп, әуелі пиццикато штрихында жаттығуды ойнатқан дұрыс. Егерде қағыспен бірден ойнатсақ,оқушы не оң,не сол қолға көңіл аудара алмай

қателіктер жіберуі мүмкін. Сондықтанда оқушының қолы әбден қалыптаспайынша жеке-жеке ойнат дұрыс. Ал 2,3,4,5 сынып оқушыларына жаттығу мен гаммаларды кезектестіре ойнатамын. Бірінші: оқушыға жаттығу ойнатамын.

Екінші: әндерді жатқа сұраймын.

Үшінші: күйлерін ойнатамын, жіберген қателіктерімен жұмыс жасаймын.

Егерде оқушы қабілеті жақсы, өзінде сабаққа тинақты дайындалатын болса, жанадан берілетін күйді өзім орындап беріп, күйге жалпы талдау жасап, нотасын оқып келуді үй тапсырмасына берер едім. Неге? Себебі: біріншіден уақытты үнемдеу үшін, екіншіден оқушының сабаққа деген жауапкершілігін арттыру үшін. Ал үнемдеген уақытқа бұрын ойнаған күйлерді жатқа ойнатар едім. Жасыратыны жоқ көптеген оқушылар алдыңғы емтиханда болсын немесе өткен жартыжылдықта ойналған күйлерін қайталамайды. Ойналған күйлерді күнделікті қайталап тұрмағандықтан ұмытып қалады. Міне сабақты дұрыс жоспарлап уақытты дұрыс пайдаланғандықтан, 40 минут ішінде мұғалім өзінің алдына қойған мақсат-міндетіне жетеді. Ал кейбір жағдайлар да сабақ жоспардағыдай өтілмеуі де мүмкін, яғни өткен сабақта талданған шығарманы немесе күйді түсінбесе (ырғағын, аппликатурасын) қиындық туғызған жағдайда, сабақ барысы бойы қайтадан талдау жүргізіп, оқушыға түсіндіруге тура келеді. Әрине күйді, шығарманы болсын бастан аяқ түгел бір сабақта ойнату міндет емес. Бөлімдерге бөле отырып, талдау жүргізіп, жаттауға берген дұрыс. Сондықтанда оқушыны жалықтырып алмас үшін, сабақты дұрыс жоспарлау керек. Сабақ барысын да тек домбыра сабағынан өтілген күйлер мен шығармаларды ойнатып қана қоймай, оркестр, ансамбль шығармаларын да ойнатқан дұрыс. Көп оқушылар оркестр ансамбль сабақтарында ойнайтын күйлерді ойнағанды ұнатады. Мысалы «Балбырауын», «Адай», «Дайрабай», «Саранжап» т.б күйлерді мұғалім бірге ойнаса тіптен жақсы. Жоғарыда айтылған сабақ барысы, ол күнделікті сабақ жоспарының құрылымы.

4. Сабақты қорытындылау: Сабақты қорыта келгенде оқушыдан сабақта өткен жаңа тақырып бойынша түсінігін сұрау. Күйде шығармада кездескен оқушыға түсініксіз болған жерлерін қайта ойнатып пысықтау.

5.Бағалау: Оқушының тек үй тапсырмасын ғана ескеріп қана қоймай, сабақтағы еңбегін де қоса бағалаған дұрыс. Оқушыны бағалағанда ескеретін жәй, оқушының әр сабақта алған бағасы емтихан кезіндегі бағамен сәйкес келуін ұмытпаған дұрыс.

Қорытынды: Егерде мұғалім сабақ барысында жоспардан ауытқып,оқушыға сабаққа керекті білім беріп, өз ойын жеткізе алмаса, онда мұғалім сабақты дұрыс жоспарламаған деп түсінемін. Себебі оқушыға әр сабақта мұғалім мақсатпен міндет қоя білуі керек. Ал мақсатпен міндет- сабақты дұрыс жоспарлаудан тұрады. Мақсат пен міндеторындалса, онда ол мұғаліммен оқушының еңбегі.

1.2 Сабақ түрлері мен типтерін домбыра сабағында пайдаланудың әдістері.

Қазіргі кезде мектеп тәжіірбесінде сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрлерінен басқа,дәстүрсіз түрлері пайда болуда.Ол,әрине қоғамның жаңару,жетілдіру жағдайында білім беру сапасын реформалаумен тығыз байланыста іске асуда.оқыту жұмысын мұндай дәстүрсіз түрлері көбінесе оның жеке әдістеріне негізделіп құрылуда. Сабақ дегеніміз-бір пәнді оқытуға арналғаноқу сағаты. Оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі –сабақ.

Сабақ түрлері мен типтері.

Пысықтау сабақ, Біріккен сабақ, Зерттеу сабақ, Қайталау сабақ, Панорамалық сабақ, Семинар сабақ, Жарыс сабақ, Диспут сабақ, Жұмбақ ойын сабақ т.б. Жоғарыда көрсетілген сабақ түрлері негізгі орта мектептің бағдарламасына лайықтап жасалынған. Бірақ музыка өнер мектептерінде де осы сабақ түрлерімен типтерін қолданып өтуге болады. Күнделікті бір типті сабақтан оқушы да жалығады. Мысалыға: Саяхат сабағын алсақ, оның тақырыбын

«Күйшілік мектептер» деп алдым .Әр күйшілік мектеп туралы мәлімет беріп, орындау ерекшелігі, күйшілік мектептің негізін қалаушылары, сол мектептің ізбасарлары туралы айтып,бірнеше күйлерін мұғалім өзі орындап беріп, бірнеше күйлерін видеодан жеке орындау да, оркестрдің орындайында тыңдатсақ оқушыға түсінікті болар еді және сабақ әрі қызықты болып өтер еді.Бұл сабақта айтар мәліметте өте көп, яғни тақырыпты толық аша білу,оқушыға толық жеткізу мұғалімнің дайындығына байланысты.




Тағы бір мысал: Сабақтың тақырыбы «Күй өнерімен бейнелеу өнері арасындағы байланыс» /аралас сабақ/. Мұндағы сабақтың мақсаты: Күй өнерін түсінуге, естіген музыканы суреттеуге үйрету.

Сабақтың міндетті: Оқушыларға күй жайлы, бейнелеу өнері жайлы мағлұмат беру, теориялық білімдерін пысықтау.

Сабақтың жоспары: Бейнелеу өнерінде түстер маңызды орын алады. Салынған суретті бояу арқылы жетілдіріп суретші өз ойын білдіреді. Бояу – түстерден тұрады. Түстер екіге бөлінеді:


- 1.Жылы түстер.
(қызыл,сары,жасыл)
- 2.Салқын түстер
(Қара,қоңыр,көк)

Оқушыға түрлі-түсті қағаздан қиылған жасырын карточкаларды алып, егерде жылы түс алынса мажор гаммасын, салқын түс алса минор гаммасын ойнап береді. Яғни бейнелеу өнеріндегі түстерді біз музыка әлеміндегі ладқа теңеу.



Түстер арқылы өтілген гаммаларды қайталау.

Сабақтың келесі бөлімі «Теңеу» деп аталады. Оқушыларға бірнеше суреттер ұсынылады және бірнеше күйлер орындалады. (Құрманғазының күйі «Сарыарқа», Тәттімбет «Сарыжайлау», Т. Момбеков «Қосбасар», Түркеш «Көңіл ашар»). Мұғалім өзі орындап берсе немесе оркестрдің орындауында тыңдатылса пайданыр. Оқушы өз қалауы бойынша бір суретті таңдап, орындалған күйлерді мұқият тыңдайды. Мысалыға оқушы мына суретті таңдаған жағдайда қай күйге мазмұны дұрыс келеді деп сұрап едім.



Тәттімбеттің күйі «Саржайлау»



Құрманғазы «Сарыарқа»

Суреттің мазмұны қай күйге ұқсас екендігін тауып, түсіндіріп, суреттің мазмұнын әңгімелеп береді. Сонымен қатар оқушының ауыз әдебиетін дамыту мақсатындағы жұмыс. Сабақ барысында оқушыдан ойнап отырған күйінің, шығармасының авторын немесе шығу тарихын сұрасаң, білгенін жеткізе алмай қиналады. Ал күйдің шығу тарихын біліп, көз алдына елестете отырып ойнаса, оқушы күүді жеткізе ойнар еді. Оқушылар өз таңдауын жасап, жауап береді. Сабағымыздың келесі бөлімі **«Құрау» деп аталады.**

«Құрау» бөлімінде- Қиылған суреттерді дұрыс құраған жағдайда, бір күүдің үзіндісі шығады. Сол үзіндіні орындап беруі тиіс. Суретші оқушыларымыз суреттерін аяқтап, түсіндіріп береді. Олай болса оқушылардан осы салынған суреттерге қарап отырып, не түсінгендіктерін күй арқылы жеткізуін сұраймын.

Қорытындылау: Бейнелеу өнері арқылы «Біріккен сабақты» мұғалімнің ой-қиялына байланысты басқаша етіп, түрлендіріп өтуге де болады. Оқушы өзі орындайтын күүдің мазмұнын сурет түрінде көре отырып орындағанда, оқушы мүлдем басқаша орындайды. Күүдің мінезін айтқызбастан түсініп, жеткізе орындауға тырысады. Бұл сабақтың оқушыға әсері мол деген сөз. Сабақтың бірнеше түрлерімен, тақырыпты сәйкестендіре алып өтуге болады. Сабақ жоспарын құрған кезде сабақ түрлері мен типтерін пайдаланған дұрыс.

2.1. Үлгі сабақтар

№1-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Оң-сол қолдың қойылымымен жұмыс.

Сабақтың мақсаты: Оқушыға қойылым туралы түсінік бере отырып, екі қолдың қойылымын дұрыс қою.

Сабақтың міндеттері:

Оқушыға кәсіптік тұрғыда білім беру.

Оқушының аспапқа деген қызығушылығын арттыру.

Оқушыға ұлттық тұрғыда тәрбие беру.

Сабаққа қатысатын оқушы: 1-сынып оқушысы

Өткізілетін уақыты: Қыркүйек

Алдыма алғаш келген оқушыны нота әліппесімен қатар, домбыра аспабымен таныстырып болған соң, қойылым (постановка), оң және сол қолдың қойылымымен жұмысты бастаймын. Қойылым ең бірінші орындыққа дұрыс отырудан басталады. Сондықтан оқушыны орындыққа отырғысбас бұрын

орындықты екі бөлікке бөліп, екінші жартысына отырғызамын. Үйде дайындық кезінде диванда ,көрпешеде не болмаса креслода отырмау керектігін жете түсіндіремін. Орындыққа отырған кезде ұл баланың оң тізесінің толықтай түсіп, көтерілмеуіне және тобықтың дұрыс орналасуына аса мән беруі тиіс. Оң тізенің көтеріліп кетуінің себебі, оң аяқ тобықтың дұрыс тұрмауында. Сонымен қатар сол аяқты артқа жасырмай, алдыға соза тұруында ескертемін. Қателіктерге бой алдырмас үшін, мұғалім дұрыс отырмаған оқушының бірнеше түрлерін отырып оқушыға көрсеткені дұрыс. Ал қыз баланың отыруында оң аяқтың дұрыс тұруы, екі иықтың бос әрі еркін тұруына мән беру керек. Ендігі жұмыс әр қолмен жеке-жеке. Бірінші жұмысты оң қолға арналған жаттығулардан бастаймыз. Аспапсыз, оң қолдың білезік буынына арналған жаттығу.



Сол қолдың көмегімен оң қолдың білезік буынын ұстап тұрып, оң қолдың жұдырығын түйе отырып суреттегідей, қолдың басын оңға, солға бұрамыз. Жаттығу кезінде қолдың тұрқы қимылдамауы керек. Алғашқыда асықпай жасалған жаттығуды ,бірнеше рет жасалған соң жиілетеміз. Бұл жаттығу бірнеше күн жасалғаны дұрыс. Себебі барлық оқушының оң қол икемі қағыс қағуға келе қоймайды және оң қолға арналған жаттығудың екінші түрі, оқушының оң қолын қағыс қағуға ыңғайластырып қойып, қолына (мен сабақ кезіндегі көрнек құралдың бірі өшіргішті қолданамын) ұстатып қолды төмен қаққан кезде қолдағы өшіргішті лақтыру арқылы жаттығу жасатамын. Бұл жаттығу білезік буынның бос, еркін жұмыс жасауына жақсы жаттығу болып есептеледі. Жоғарыда көрсетілген жаттығуларды күнделікті жасау, оң

қолдың дұрыс қалыптасуына көмектеседі. Осы жаттығулар тиянақты әрі дұрыс күнделікті орындалып отырған жағдайда, оқушының оң қол қойылымы дұрыс қалыптасады. (Суреттегідей).



Ендігі жұмыс сол қолға. Домбырашы үшін сол қолдың атқаратын міндеті зор. Домбыра мойнында сол қолдың дұрыс орналаспауы: бірден-бір дыбыстың сапасына әсер етеді. Сол қол дұрыс қойылмаған жағдайда дыбыс әлсіз, таза шықпайды. Оқушыға перне бастырмас бұрын, бірінші сол қолға арналған жаттығудан бастаған дұрыс. Сол қолға арналған жаттығуды бастаған кезден оқушыға перненің түбінен, байлауға жақын жерінен басу керектігін түсіндіремін. Оқушыға перненің дұрыс басылмаған кезде ызыңдаған дыбыс шығатындығын да ойнап беріп көрсетемін. Әр пернені басқан сайын шыққан дыбысты ести отырып ойнауға үйретемін. Жаттығу: саусақтарды суреттегідей бүге отырып, бас бармақтың подушкасымен 4ші саусақтан бастап, 4, 3, 2, 1 әр саусақтың подушкасын басып, саусақтарды перне басуға дайындаған дұрыс.



Бұл жаттығу саусақ моторикасының дұрыс жұмыс жасауына жақсы көмектеседі. Саусақ бүгілмей, тігінен басылып, саусақтың подушкасымен



перне басылмаған жағдайда, аспаптан таза табиғи дыбыс шықпайды. Көп оқушылар пернені баспай, тек саусақты пернеге қоя салады. Басу мен қояды шатастырады. Оң қол қаншалықты нақты қағыспен ойналса да, дыбыс

таза шықпағандықтан музыкада өз деңгейінде орындалмайды. Сол қол қойылымы кезінде көңіл бөлетін мәселе, ол сол қолдың жинақылығы, саусақтардың перне бойында тізбектеле орналасуы және басбармақтың (аспаптың мойнында басбармақтың көтеріліп кетпеуі, немесе бармақтың көлденеңінен жатуына) жол бермеу керек.



Сондықтанда басбармақтың 2-ші саусақпен қатар жүруін, бармақтың буыннан ғана аспаптың мойнынан шығып тұруын (суреттегідей орналасуын) қадағалау керек.

Саусақтарды жақсылап қалыптастыру үшін күнде сол қолға жаттығу жасату керек. Бұл жаттығу кезінде оң қолмен қағыссыз, яғни бас бармақпен шерте отырып, әр пернені басып жаттығуды жасатамын. Оқушының назары тек сол қолда ғана болады. Сол қол қойылымы кезінде шынтақтың көтерілмеуінде қадағалау керек. Шынтақ көтерілген жағдайда, 4-ші саусақ пернеге жетпей, дыбыс таза шықпайды.

Оң қол-сол қолдың қойылым әбден қалыптастырған кезде ғана, жаттығуды қағыспен ойнатуға көшемін. Әбден қалыптасқан оң қолмен сол қолды қосып ойнатқан кезде ғана екі қолда ансамбль болады. Және бала сенімді ойнайды.

Жаттығуды: 1. П (төрттік, бір қағыспен)

2. ПҮ (сегіздік, алма кезек қағыспен)

3. ПҮҮ (үш сегіздік)

4. ПҮПҮ (оналтылық) қағыстармен ойнатамын.

Жоғарыда көрсетілген жаттығуларды сыныпта оқушыны айнаның алдына отырғызып ойнатамын. Ондағы мақсат оқушы өз қатесін айнадан көріп, дер кезінде дұрыстауға үйрену үшін.

Қорытынды: Оң-сол қолы дұрыс қойылған оқушы домбыра аспабын меңгеруде

барлық, техникалық, күйлерді, шығармаларды, тремола, вариацияларды еш қиындықсыз меңгеріп, шығарманы өз дәрежесінде орындай алатын болады. Яғни концерт, байқауларға қатыстыруға еш кедергі жоқ деген сөз. Әрбір мұғалім өз еңбегінің нәтижесін көрсегісі келеді. Ол нәтиже: концерт, емтихан, байқау. Сондықтанда қойылым шыдамдылықпен еңбекқорлықты талап етеді.

№ 2-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Нота түрлері және ұзақтығы.

Сабақтың мақсаты: Оқушыға нота түрлерін түсіндіру және ұзақтығын саналуын үйрету.

Сабақтың міндеттері:

Оқушыға кәсіптік тұрғыда білім беру.

Оқушының аспапқа деген қызығушылығын арттыру.

Оқушыны ұлттық тұрғыда тәрбиелеу.

Сабаққа қатысатын оқушы: 1-сынып оқушысы

Өткізілетін уақыты: Қыркүйек

Сабақ барысы: 1ші сынып оқушысымен нота сауаттылығында өтетін күрделі тақырыптың бірі «Нота түрлері және ұзақтығы». Бұл тақырыпты кез келген оқушы бір сабақта түсіне қоймайды, сондықтан бірнеше рет қайталап өтуге тура келеді. Себебі: оқушы егер нотаның түрін және ұзақтығын түсініп ажырата алмаған жағдайда ондай оқушымен жұмыс жасау қиынға соғады. Осы тақырыпты түсіндіру үшін мен қолыма бүтін бір бет ақ парақ немесе А4 аламын. Ақ парақты карандашпен 4ке бөліп сызып, әр бөлікке 1ге деп жазамын. Осыдан кейін қолымдағы парақты көрсете отырып оқушыға қойылатын сұрақ:

-Мынау қандай парақ?

Оқушының жауабы: Бүтін парақ.

Оқушының дәптеріне бүтін нотаны жазып көрсетемін.

Парақ неше бөлікке бөлінген, немесе ішінде жазылған сандарды қос

Оқушының жауабы: 4 бөлік. Оқушыға көрсете отырып дауыстап санатамын.

Яғни бүтін нота 4ке саналады деп түсіндіремін. Енді сол бүтін парақты бүктеймін де, оқушыдан сұраймын, қандай парақ шыққанын, әрине жарты деп жауап береді. Яғни бүтін парақтың жартысы қалғанын оқушы түсінді. Нотаның келесі түрі ол «жарты» нота деп аталады деп түсіндіріп дәптеріне таңбалануын жазамын. Ал нотаның ұзақтығына келсек, бүктелген жарты бет парақтағы санды оқушы өзі оқып, жарты нотаның ұзақтығы 2ге тең екенін түсінді. Немесе математикалық көбейту кестесі бойынша 4тің жартысы 2ге тең екенін айтамыз. Оқушы мен қойған сұраққа жауап бере отырып, нота атауының қайдан шыққанын неліктен олай аталатынына өзі жауап бере отырып түсініп отыр деп ойлаймын. Бүктелген парақшамен жұмысты ары қарай жалғастырамыз. Жарты парақшаны тағы бір бүктеймін. Шыққан бөліктерді дауыстап санаймыз, шыққан бөлік төртеу. Яғни нотаның келесі түрі «Төрттік». Ал ұзақтығына келсек, көбейту кестесі бойынша 2нің жартысы 1ге тең екенін айтамыз. Таңбалануын жазып көрсетемін. Нотаның келесі түрін түсіндіру үшін бүктелген парақшаны тағы бүктейміз де, неше бөлік шыққанын санаймыз. Немесе математикалық


тұрғыда санасақ, төрттік нотаны екіге көбейтсек сегіз шығады. Яғни төрттік нота сегіздік нотадан екі есе көп болғандықтан, нота ұзақтығында екі есе жылдам саналадығын түсіндіремін. Суретте көрсетілгендей сегіз бөлік шықты. Таңбалануын дәптерге жазып көрсетемін. Яғни нотаның атауы «Сегіздік», саналуы 1дің жартысына саналатынын, саналуға ыңғайлы болу үшін екі сегіздік нотаның бірге жүретінін айтып, жазып көрсетемін. Нотаның соңғы түрін түсіндіру үшін, бүктелеген қағазды тағы бір бүктеймін. Шыққан бөлікті оқушымен санаймыз, шыққан бөлік онақты. Немесе математикалық жолмен қарасақ алдыңғы нотамыздың түрі сегіздік нотаны екіге көбейтсек онақты. Яғни онақтылық нотаның орындалуында сегіздік нотаға қарағанда екі есе жылдам болатындығы түсінікті. Ал саналуына келсек, саналуға ыңғайлы болу үшін төрт онақтылық нота бірге жазылып, 1ге саналатынын түсіндіріп, оқушыға жазып көрсетемін.

Қолданылған әдіс тәсілім математикалық есептеулерге байланысты болғандықтан оқушыға тақырыпты есептей отырып түсінуге ыңғайлы деп ойлаймын.


Бұл тақырыпты түсіндіру үшін тағы бір қолданылатын әдіс тәсіл, ол алманың бөлінген суреттері. Көзбен көріп, санап жете түсіндірілген соң, оқушының есінде жақсы сақталады, және оқушы тез түсінеді.



Бүтін



Жарты



төрттік



Сегіздік



оналтылық

Қорытынды: Нота түрлерін және ұзақтығын оқушыға түсіндіру кезінде сабақта қолданылатын әдіс тәсілдерім оқушыға тақырыпты түсінуге көмегі мол деп білемін. Оқушыға ережемен жаттанды түрде түсіндіргеннен, көзбен көре отырып, мысалмен, неғұрлым қарапайым көрнекі құралдармен көрсете отырып түсіндіру, мұғалім үшін де, оқушы үшін де ыңғайлы. Сабақ қызықты әрі тиімді өтеді.

3-Сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Гаммаларды ойнау тәсілдерін меңгерту.

Сабақтың мақсаты: Оқушыға Лад, гамма туралы түсінік беру. Аспапта гаммаларды әр түрлі штрихта ойнауды үйрету.

Сабақтың міндеттері:

Оқушыға кәсіптік тұрғыда білім беру.

Оқушының аспапқа деген қызығушылығын арттыру.

Оқушыны ұлттық тұрғыда тәрбиелеу.

Сабаққа қатысатын оқушы: 1-сынып оқушысы

Өткізілетін уақыты: қыркүйек

Сабақ барысы: Сабақта оқушыға күнделікті жаттығу ойнату мен қатар гаммаларды да ойнату оқушының техникасын өсірумен қатар, ырғақты сезіну қабілетін жақсартады және оқушының теориялық білімін артырады.

1-сынып оқушысына:Егерде музыкадағы 7 дыбыс ретсіз орналасса (оқушыға түсінікті болу үшін,7 дыбыстан тұратын әуен ойнап беремін) яғни бір әуен шығатынын түсіндірдім.Ал бірінші нота «До»дан-«Си» дейін ноталар рет-ретімен кезектесе ойналса,аспапта орындап көрсетемін,бұл әуен емес,яғни Гамма екендігін түсіндіремін.ЯғниГамма дегеніміз -7 дыбыстың ретпен,кезектесе орналасуын айтамыз.Музыка:Мажор,Минор болып екіге бөлінеді.Мажор - көңілді,минор – дыбыстары жұмсақ,ұяң екендігін айтып,мысал ретінде ойнап көрсетемін.Ешқандай белгісі жоқ гамма C-dur және a-moll гаммаларынан бастаймын.Екі гаммада бір октавада ойналады.

1-сынып II жартыжылдықта:2-сынып Iжартыжылдықта: G dur-emoll.

Cdur-a moll II жартыжылдықта:Fdur-d moll

1 сынып.

До мажор гаммасы

Арпеджио

Ая минор гаммасы

Арпеджио

Штрихтар.

2 класс

Сол мажор гаммасы (I жартыжылдық)

Арпеджио

Ми-минор гаммасы (натурал түрі)

Арпеджио

(қаршиқалмақ түрі)

(мелодиялық түрі)

Фа-мажор гаммасы (II жартыжылдық)

Арпеджио

Ре-минор гаммасы (натурал түрі)

Арпеджио

(қаршиқалмақ түрі)

(мелодиялық түрі)

3-сынып I жартыжылдықта:

4 сынып I жартыжылдықта:.

Ddur-hmoll.Adur-fismoll.

II жартыжылдықта: Bdur-gmoll III жартыжылдықта: Esdur-smoll

3 класс Ре-мажор гаммасы. (I жартыжылдық)

Арпежио

Си-минор гаммасы (натурал түрі)

Арпежио

(гармоника түрі)

(мелодия түрі)

Си-бемоль минор гаммасы. (II жартыжылдық)

Арпежио

Штрихтар

Соль-минор гаммасы (натурал түрі)

Арпежио

4 сынып (II жартыжылдық)

Ми-бемоль мажор гаммасы. (Es-dur)

Арпежио

Штрихтар

Арпежио

До-минор гаммасы (с-молл) (натурал түрі)

Арпежио

гармоника түрі

мелодия түрі

Қорытынды: Ойын барысында оқушыға қосыла айтуын талап етемін. Штрихтарды мұқият алып,ырғақты сезіне ойнауын қараймын.Ол оқушының дыбысты таза айтуына,есту қабілетінің жақсартуына көмектеседі.

4-Сабақ.

Сабақтың тақырыбы:Шертпе күйді оқыту әдістемесі.

Сабақтың мақсаты:Оқушыға шертпе күй туралы түсінік беру.

Сабақтың міндеттері:

Оқушыға кәсіптік тұрғыда білім беру.

Оқушының аспапқа деген қызығушылығын арттыру.

Оқушыны ұлттық тұрғыда тәрбиелеу.

Сабаққа қатысатын оқушы: 3-сынып оқушысы.

Өткізілетін уақыты: қыркүйек

Сабақтың барысы: Қазіргі кезде шертпе күйді мектепте оқыту едәуір қиындық туғызатыны рас. Жас өспірім шәкірт әуелі төкпе күй дәрісімен тәрбиеленіп сонан кейін ғана шертпеге келе алады. Оның себебі түсінікті: шертпе күйге қалыптасқан білімсіз бару оқытушыға да, оқушыға да ауыр. Сондықтан үшінші сыныптан бастаса да кеш болмайды.

Әуелі, теріс бұраудағы халық күйлерін алған дұрыс деп ойлаймын. Өйткені, әуен бір ішекте жүреді, оқуға жеңіл. Мысалы «Жалқы жігіт», «Қара жорға» сияқты күйлерді үйрету ыңғайлы. Оқыту барысында тура төкпе күй методикасындай отыру (посадка), қол жатқызу (оң қолға арналған жаттығу) сияқты тәсілдермен машықтандыру керек. Оның қарапайым міндеттері төмендегідей.

- 1) Домбыраның басын төкпе күйдегіден сәл төмен түсіру;
- 2) Оң қолды шанаққа алақанымен жатқызу;
- 3) Оң қолмен бір ішекті бөлек, екі ішекті бөлек шерткізу;
- 4) Төмен және жоғары қағыстардың машығын үйрету (төмен шерту, жоғары сұқ саусақпен ілу);
- 5) Сол қолдың дәстүрлі жатысы (төртінші саусақпен квинталық, бірінші саусақпен прималық дыбыстарды басу).

Теріс бұрауға жаттығып, төселіп қалғаннан кейін шәкіртке оң бұраудағы күйлерді беруге болады. Осы жерде ескеретін бір жағдай: әрбір күйдің тонына (тональность) сәйкес жаттығулар орындату, халық әндері мен этюдтері мұғалім өзі екшеп беруі керек. Оң бұрауда орындалатын күйлер лажы болса, бір өлшемде болғаны дұрыс (мысалы, Тәттімбеттің бірінші «Қосбасары»). Шерту әдістері оқушыға түсінікті болу үшін дәстүрлі атаулары батыл түсіндіруді қажет етеді. Мысалы үшін:

А) Қара қағыс – 4 саусақ қатар қағылады;

Ә) Көсем қағыс - 3 саусақ қатар қағылады;

Б) Кертолғау қағыс - 2 саусақ қатар қағылады;

В) Жалқы қағыс - 1 саусақ қағылады;

Г) Ілме қағыс— сұқ саусақпен жоғары қарай қағуды көрсетемін.

Әрине, күй интонациясына қарай байланысты кейде шертпеден желдірмелі қағыстар да алмасып отырады, олар кейде екпіні жағынан төкпе күйге ұқсап та кетеді. Мысалы: Тәттімбеттің «Азамат қожасы», Сүгірдің «Шалқымасы», Бапыштың «Қара жорғасы», т.б жатады. Мейлінше осы күйлерді орындап берген дұрыс.

Шертпе күйлерде фложолет әдістері жиі қолданылады. Жалпы, обертондық дыбыстан өзге шекті аспаптарға тән әдістердің бәрі бар десе артық емес. Оқушының ынтасын арттыру үшін «Бозінген», «Аққу», «Бес жорға» сияқты күйлерді тыңдатып имитациялық бояуларды түсіндірген дұрыс. Оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында күнделікті теле-радиодан, интернеттен «Көңіл толқыны», «Көш керуен», «Ата толғауы», «Кең жайлау» сияқты күйлерді репертуарға алуға болады. Жоғарыда аталған күйлерді оқушының деңгейін ескере отырып берген дұрыс. Жатталған күйлер күнделікті ойналып, жаттығып, концерттерде орындалып отырса дұрыс болар еді. Қазіргі кезде қалалық, Республикалық, Халықаралық байқаулардың бағдарламасында шертпе күй міндетті түрде жүктеліп жүр. Сондықтан оқушының репертуарында бірнеше шертпе күйлердің дайын болғаны дұрыс. Шертпе күйді 3 сыныпта бастаған кезде, әр жарты жылдықта 1 шертпе күйден ойнатқан дұрыс. Шертпе күй ойнауға әр бір оқушының оң қол икемі келе бермейді. Кез келген оқушы шертпе күйді түсініп өз деңгейіне жеткізіп орындай бермейді. Шертпе күйді талдау барысында:

1. Оқушыға берілетін күйді интернеттен тыңдату керек. Мейлінше мұғалімнің өзі орындап бергені дұрыс. Күйдің авторы туралы және күйдің шығу тарихы, күй аңызы түсіндірілуі міндетті.
2. Күйдің ноталық мәтінімен мұқият таныстырып, қағыстарын міндетті түрде жазып және саусақ басу тәсілдерін үйрету керек.
3. Күйді әуелі жеке сөйлемдерді меңгертіп (фразировка) содан кейін буындық дамуды (позиция), осыдан кейін тұтас бөлімді оқытып талдаған дұрыс. Оқушының музыкалық қабілеті, нота оқуы жақсы болса да, шертпе

күйді өткен кезде бір күйді тұтас беруге болмайды. Оқушы психикасымен қабілетіне ауырлық етеді. Сондықтан күйді сағат, буындарға бөле оқытқан дұрыс.

Қорытынды: Шертпе күй өнерін үйрету жұмысы оқу бағдарламасының өткір мәселесі. Орындаушылық өнермен, көп ізденісті қажет етеді. Шертпе күй жанры шәкірт жанына музыкалық сауатпен қатар фольклорлық, этнографиялық білім негіздерін қоса егеді. Осының нәтижесінде жан-жақты білім алған ұлтжанды азамат тәрбиеленетіні сөзсіз.

Сабақ №5

Сабақтың тақырыбы: Емтихан алды сыныптық тыңдалым және бағалау.

Сабақтың мақсаты: Оқушыны сахнаға тәрбиелеу, өзін-өзі бағалауға үйрету.

Сабақтың міндеттері:

Оқушыға кәсіптік білім беру.

Оқушының аспапқа деген қызығушылығын арттыру.

Оқушыны ұлттық тұрғыда тәрбиелеу.

Сабаққа қатысатын оқушы: 1,2,3,4,5-сынып оқушысы.


Өткізілетін уақыты: Емтихан алды.


Сабақтың барысы: Оқушыларға сабақтың мақсатын түсіндіріп және сахна мәдениетін айта өтемін. Бұл сабақты ауысым бойынша оқушыларды жинап өткіземін. Яғни оқушыларға сабақтың өту барысын түсіндіремін. Бүгінгі сабақтың көрермені де, төрешісі де, бағалайтын мұғалім де өздері екендігін айтамын. Ойын кезінде орындаушының қандай қателіктер жібергендігін (оң қол сол қолға, дыбыс тазалығына, шығарманың текстіне, динамикалық белгісіне, жылдамдығына және сахна мәдениетіне назар аудару керек екендігін айтамын). Тыңдалымды сынып оқушыларынан бастаймыз. Оқушылар сабақ кезінде тек бір мұғаліммен ғана отырып ойнап үйренгендіктен, көптеген оқушылар емтихан кезінде, концерттерде, байқауларда ойын кезінде сасқалақтап, білгенін ұмытып, өз деңгейінде өнерін көрсете алмайды. Нәтижесінде емтиханда бағасы төмен болып,

байқауларда жүлделі орындардан құр қаламыз. Себебі: жасыратыны жоқ кейбір оқушылар мүлдем сахнаға (мектеп сахнасына шықпайды),шықсада тек оркестр, ансамбль мен ғана шығып үйренген Сондықтан оқушының қобалжуын жою мақсатында, емтихан алды тыңдалым сабағын үнемі өткізіп отырамын. Сонымен қатар оқушыны мектептегі мерекелік сынып сағаттарында, концерттерге шығарып,сахнаға үйрете беру керек. Концерттік бағдарлама дайын болу үшін оқу жылының басында оқу бағдарламасына оқушыға ұнайтын, ұтымды күйлерден бірнешеуін беріп дайындап қою қажет.Оқушы өзіне ұнайтын күйді жылдам жаттап, өз дәрежесінде ойнауға тырысады.Сахнаға көп шығып әбден ысылған оқушы кез келген емтихан, байқауларда жоғары деңгейде өнерін көрсете алады.

2.2 Мұғалімге қойылатын талап.

Қазіргі таңда жас ұрпаққа жан-жақты білім беру,тәрбиелеу әр ұстаздың басты міндеті болып табылады. Жас ұрпақты оқытып тәрбиелеу,үлкен жауапкершілікті,ізденіс пен шыдамдылықты,ұстаздың заман көшіне сай білімнің қыр-сырын терең меңгеруді,жан-жақтылықты талап етеді.Ұстаз тәрбиелі,білімді шәкірт тәрбиелеу үшін алдына мынадай мақсат қоя білуі қажет: Мұғалім сабақты жүйелі жоспарлау үшін





Себебі ұстаз алдында музыка әлеміне енді ғана аяқ басқан шәкіртті тәрбиелеу, оған музыканың қыр-сырын жете түсіндіру, 5 жыл оқушыны аспапты меңгеруге үйретіп қана қоймай, нота әліппесінен бастап, түрлі байқауларға, концерттерге дайындау оңай шаруа емес екендігін әрбір ұстаз түсінеді. Музыка мектебіндегі мұғалімнің ерекшелігі сол, әр оқушымен жеке сабақ жүргізгендіктен, мұғалім алғашқы сабақтан бастап, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, музыкалық қабілетін ескере отырып оқу үрдісін жүргізу керек. Осыған байланысты шығармашылық ізденіс деген әр ұстаздың алдында тұрған міндет. Әрбір оқушы өз ұстазына қарап бой түзейді. Сондықтанда әрбір мұғалімнің бойында өнердің сан қырын сіңірген, кәсіби-педагогикалық, орындаушылық деңгейі жоғары, іскер, іздепаз маман болуы тиіс. Музыка, өнер мектептерінің мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулықта ұсынылып отырған «Сабақ жоспарын құрудың үлгілері» атты әдістемелік нұсқаулығымда, өзімнің тәжірбемде қолданылып жүрген, оқушыға түсінікті болу үшін қарапайым көрнекі құралдармен көрсетілген мысалдар, қойылымнан бастап, әр штрихты меңгеруіне, шертпе күй

үйрету әдіс тәсілін меңгертуге сонымен қатар оқушыны сахна мәдениетіне үйретіп, өзін бағалауға үйретудегі тәжіірбеммен бөлісу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, оқушы бойындағы шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, өнерге деген ұмтылыс өшпей, күннен-күнге арта түсуі керек. Сол үшін мұғалім үнемі ізденіс үстінде болуы керек.

Осы жұмыстағы алға қойған мақсатым: Сабақ жоспарын құру арқылы оқушыға сапалы білім беру. Сабақ жоспары бойынша сабақ уақтысын тиімді әрі ұтымды пайдалануға үйрену жәнесабақ жоспары бойынша жұмыс жасауға дағдылану, яғни еңбек жолын енді бастаған жас маман алдына келген оқушымен қалай сабақ жүргізуі тиіс. Музыка колледж студенттері

3-4 курста педогогикалық практика сабағын жүргізген кезден бастап сабақ жоспарлауға үйрену керек. Сонымен қатар қазіргі кезде мектеп тәжіірбесінде сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрлерінен басқа, сабақтың дәстүрлі емес түрлерімен сабақ өту әдісін музыка мектептерінде де қолдануға болатындығына мысал келтірілген. Бұл әдістемелік нұсқаулықта келтірілген мысалдардан басқа да әртүрлі тақырыпты алып сабақты қызықты етіп өтуіне болады. Ол әрине мұғалімнің іздемпаздығына байланысты.

Сонымен қатар оқушыға алғашқы музыкалық білім бере отырып, мектеп жасындағы жеткіншектерді кәсіптік тұрғыда даярлап қана қоймай, оларды ұлттық салт-дәстүр, ұлттық өнерге баулу. Оқушылардың музыкалық білім алуына, жеке тұлға ретінде дамуына, кез-келген ортада концерттік бағдарламамен өнерін көрсетуге тәрбиелеу. Жалпы педагогикалық тәжірбемде осы жұмыстың көмегімен оқушылар білім алып, өнерлерін жалғастыруда.

Музыка мектебіне қабылданған оқушының қабілеті әртүрлі болғандықтан сабақта қолданатын әдіс-тәсілдерде әр түрлі болғаны дұрыс. Жоғарыда көрсетілген «Сабақ жоспарын құрудың үлгілері» күнделікті сабақтағы тақырыптармен жұмыстар еңбек жолын бастаған жас мамандардың әдістемелік тұрғыдан қолдануына көмегін тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Домбыраға арналған хрестоматиялық репертуар» Мерембаев.1986
- 2.«Домбыра дастан». Құр.: К. Сахарбаева. 2002.
3. Әубәкіров М. «Домбырадан әдістемелік оқу құралы». - Алматы, 1992.
4. Ғизатов Б., Хамиди Л. «Домбыра үйрену мектебі». - Алматы, 1983.
5. Бекенов У. «Күй табиғаты». - Алматы, 1981.
6. Жайымов А. «Домбыра ойнау өнері». - Алматы, 1989.
7. Жайымов А, С. Бүркітов, Б. Ысқақов. «Домбыра үйрену мектебі». – Алматы, «Өнер», 1992.
8. Момбеков Т. «Салтанат». Құр.: Б.Ысқақов. - Алматы, «Өнер», 1995.
9. Сахарбаева К. «Домбыра үйрету әдістері». - Алматы, 2003.
10. Жайымов А. «Шаттанамын». Құр.: Сахарбаева К. - Алматы, 1997.
11. Жайымов А. «Шалқыма». Құр.: Үлкенбаева А. - Алматы, 1997.
12. «Домбыраға арналған хрестоматия». Музыка училищесінің 1-11 курсы үшін. Құр.: Қ. Мұхитов, К. Досымжанов. - Алматы, «Өнер», 1984.
13. «Домбыраға арналған хрестоматия». Құр.: К. Сахарбаева. - Алматы, 2002.
14. «Домбыраға арналған хрестоматия». Құр.: А. Тоқтаған. - Алматы, «Өнер», 1986